

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 270-272

«АЛТЫН ТҰЛПАР» АТ СПОРТЫ КЕШЕНІНДЕ БӘЙГЕ АТЫН БАПТАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Е.Қ. Жикишев, Ә.Е. Сәуірбаев,
Т. Оңғар, М. П. Орынтаев*

Ежелден қазақ халқы төрт түліктің «төресі» деп жылқы жануарын қастерлеп келген, мінсе – қанаты, кисе – жанаты, жесе қазы, ішсе суыны болды. Біз осынау ұлан – байтақ жерімізді сақтап қалуда батыр бабаларымызбен қатар – қазан аттарымызға да қарыздармыз. Қазақстанда жылқы шаруашылығы асыл тұқымды жылқы өсіру, ет, сүт өндіру, ат спортында, жергілікті туризмді пайдалану бағыттарында, медицинада сал ауруы мен нерв жүйелері зақымданған емделушілер үшін – иппотерапияда, саумал, қымызбен емдеу, т.б. жұмыстарды атқаруға пайдаланады.

Тәуелсіздік алғалы елімізде ұлттық құндылықтарымызға деген сұраныс артты және соның ішінде ұлттық ат спорты ойындарына деген сұраныс ерекше. Оның көрінісі ретінде жер-жерде өткізіліп отыратын ат спорты ойындары мен қатар дәстүрлі өткізіліп тұратын Ұлттық ойындардан ҚР чемпионаты мен төрт жылда бір өткізілетін «Ат спорты фестивалы», Қабанбай кентінде өткізілетін 52 шақырымдық «Алтын тұлпар» аламан және т.б. Осынау дүбірлі ат спорты ойындарынан «Алтын тұлпар» ат спорты кешені де шет қалып көрген емес.

Былтырғы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған сахналық ат көріністері және бүкіл дүние жүзіне телетрансляция арқылы көрсетілген бейне баяндар тегіс осы кешеннің жылқыларының арқасында іске асырылған. Ол үшін кешеннің атбегілері күндіз-түні жылқыларын сценаристердің қалауына сәйкес аттарын баптай білді.

Кешеннің ат баптау методикасы классикалық – дәстүрлі және ұлттық бабадан қалған ерекшеліктерді қоса алып жүруінде. Алдымен Ұлттық спорт ассоциациясының жылда болатын күнтізбелік жоспарын талқылап алады, яғни қай жарыстарға қатысады. Қолда бар жарыс аттарын физиологиялық, психологиялық, экономикалық мүмкіншіліктеріне сай жоспарлы түрде сол жарыстарға және қашықтықтарға бағыттап дайындайды. Жазықтағы, яғни қысқа қашықтыққа шабатын аттардың баптауы мен аламанға шабатын тұлпарлардың баптау ерекшеліктері әр түрлі келеді. Қысқа қашықтық 1000, 1200, 1600, 2400, 3200 (қыз жарыс) және 5000, ал топ (тоқ) бәйге 10000, 15000, 16000 метрге, аламан 25000, 30000, 35000, 52000 метр қашықтықтарға және ұлы аламан 100 шақырымға созылады. Қысқа қашықтықтарға көбіне тай-құнан және дөнендер қатыстырылса, ал аламанға сақа жылқылар ғана барады. Жылқы жарату үшін шабатын жылқыларды таңдай білу, олардың

физиологиялық жағдайы, аяғында ақаулары болмауы, бас білуі, темпераменті және т.б. факторларын ескеру керек.[1,2]

Қара күзде бәйге аяқталған уақытта жылқылар ат қораға байланып жасы мен жынысына байланысты сапалы жоғары рационды азықтармен азықтандырылады. Мұндағы мақсат келер жылғы жарыстарға дайындауда күш-қуатын арттыру үшін жілігіне май толтырады. Негізінен бұл шаруашылық керекті азықтарын «Астана-Өнім» ЖШС-не қарасты жер көлемдерінен дайындайды, ал басқа керекті премикстер мен дәрумендерді арнайы дүкендерден сатып алады. [1,2]

Күнделікті берілетін рационна кіретін азықтар: астық және бұршақ тұқымдас аралас сапалы пішен 8 кг., сұлы дәні -5 кг., бидай кебегі 0,5кг, сәбіз- 2 кг., 1,5-2 кг. қант, премикстер 0,1 кг, ас тұзы- 33г (1-кесте)

1 кесте. Кешендегі салмағы 500 кг. тренингтегі аттардың рационның қоректілігі

Құрғ. з (кг)	Аз. ө	Алм.энергия МДж	Ш. прот (г)	Қ. про т (г)	Лизи н (г)	Жасұны қ (кг)	Са мг)	Р (мг)	Каро т (мг)
11,7	9,58	101.3	123 9	856	2,39	2,1	53	42	107

Бәйгеге жылқыларды сәуір айынан бастап жарата бастайды, жарату шамамен 1-3 айға дейін созылуы мүмкін. Мұндағы басты мақсат жоспар бойынша сәйгүліктерді қай жарыстарға қосатынында. Қысқа қашықтықтар болса баптау 30-40 күнге созылады, ал аламанға деген жылқылар 2,5-3 ай жаратылады. [3,4]

Алғашқы кезең қазан мен қаңтар айлары көлемінде шыдамдылығы мен арнайы жылдамдығын дамытуға бағытталады және мүмкіндік болса ойлы-қырлы жерлермен жүру тиімді болады. (2-кесте).

2 кесте. Ересек жылқыларды күнделікті жаратудың жүктемелері

Аллүрі	Айғырлар
Аяң	6-8 мин
Желіс	20-30 мин
Аяң	20-25 мин
Жалпы жұмыс көлемі	7,0-12,0 км

II-кезең. Ақпан-наурыз. Бұл кезеңде жалпы жылқы организмдерінің шыдамдылығы мен еттерін қатайтып, бірінші кезеңдегі жүріске қосымша 5-7 минуттық шоқырақ (кентер) қосып отырады. Наурыздың соңғы кезеңдеріне қарай 600-800 метрге көсілтіп шабу мен 250-300 метрдей қатты шабыс түрлері қосылады. Жалпы жұмыс көлемі 9-12 км. қашықтыққа созылады.

III-кезең. Сәуір-мамыр. Міндеті жылқылардың шыдамдылығы мен жылдамдығын дамыту. Мұнда жалпы жаттығулардан бөлек аптасына 2 рет 1-

1,5 шақырымға ұшырта шауып отырамыз, бұл жылқылардың тынысын ашуға септігін тигізеді және шыдамдылығын дамытады.

Атқа отыратын шабандоз балаларды арнайы бәйге атымен бірге дайындайды. Оларға штаттағы жұмыскерлердей жалақы төленеді.

Ат кешенінде қосымша иппотерапия курстарымен арнайы мамандар және дәрігерлер айналысады. Ол үшін арнайы мекемелерден денсаулықтарында кінәраттәрі бар балаларды әкеліп емдейді. Бұл үшін арнайы тәрбиеленген аттарды, көбінесе қартайған, спорттан аластатылған жылқылар пайдаланады.[5,6]

Бұл кешеннің аттары Ұлттық «Қыз қуу» жарысы бойынша жылда жүлделі орыннан қалып көрген жоқ. Теңге алу мен жамбы ату жарыстарында да жүлделі орындардан көрініп жүр.

Былтырғы жылғы қол жеткен табыстарына мыналарды айтуға болады: Ақмола мен Павлодар облысындағы аламанда –автокөлік, Алматы мен Қарағанды, Қостанай мен Петропавлда, Шымкент пен Қызылордада ақшалай және заттай сыйлықтар ұтып алынды. (телевизор, тоңазытқыш және т.б.)

Әдебиеттер тізімі

1. Нормы и рационы кормления сельскохозяйственных животных: Справочное пособие / А.П. Калашников, Н.И. Клейменов, В.Н. Баканов и др. – М.: Агропромиздат, 1985. – 352 с.

2. Ихсан Қ.Ж., Жылқы шаруашылығы оқулық / Ихсан Қ.Ж. Изд-во «Нұр-Принт»- Алматы, 2009, 210 б.

3. Демин, В.А. Спортивное коневодство России: монография / В.А. Демин. –М.:Изд-во РГАУ-МСХА, 2012. – 268 с.

4. Бекен Қайратұлы, Қазақтың атбегілік өнері оқулық / Бекен Қайратұлы Астана: Изд-во «Жарыс. KZ», 2014, – 400 б.

5. Kang OkDeuk; Kang, A.; Ryu YounChul; Lee WangShik; Korean Society of Animal Sciences and Technology, Korea Science & Technology Center, Seoul, Korea Republic, Journal of Animal Science and Technology. – 2013. V.55, №2. P. 141-146.

6. Стародумов М. И, Начало бегового сезона на ЦМИ. / М. И Стародумов // Коневодство и конный спорт. – 2016. – № 1. –С. 29-31.